

2022 жылдың қыркүйек айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қыркүйектің екінші онкүндігінде Қазақстанның негізгі астық егетін аймағының басым аумағында қайта жауын-шашынның көп түсуі байқалды, бұл егін жинау науқанын аяқтау үшін қолайсыз болды.

Еліміздің солтүстік облыстарында, батысында, орталығында және шығысында минус 2-4°C -ға дейін (кей жерлерде минус 6°C-ға дейін) түнгі уақытта байқалған үсіктер жаздық дәнді дақылдардың піскен дәндері үшін қауіпті болмады, бірақ таңертең жинау жұмыстарын жүргізуді қиындатты.

Бақыланатын барлық учаскелерде «толық пісу» кезеңі байқалады, жаздық бидай егістіктерінің жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық.

Жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, қант қызылшасы, соя, мақта) жай-күйі өте жақсы және жақсы. Күрішті жинауға, Мақтаарал ауданында химиялық препараттармен (десикация) пісуді жеделдету үшін мақта егістерін өңдеуге кірісті.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының бақылау учаскелерінде күнбағыста «пісу» және «жинауға дайын пісуі» фазасы байқалады. Күнбағыс жай-күйі өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстік өңірлерінің барлық жерінде көпжылдық шөптердің (жоңышқа) егістіктерінде: «2-ші шабудан кейін гүлдеу» - «2-ші және 3-ші шабудан кейін қайта өсу» фазасы байқалады.

Өткен онкүндікте мал жаю барлық жерде жүргізілді. Атырау облысының Қызылқоға және Құрманғазы аудандарында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау және Бейнеу аудандарында шөптерді жинау, тасымалдау және маялау жалғасуда.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында шабындықтың қанағаттанарлық және жақсы жай-күйі байқалды, нашар шөп Алматы облысының Жамбыл ауданында және Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында болды.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданындағы жайылымдар малмен тапталмаған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры Жамбыл облысында қанағаттанарлықтан оптималдыға дейін, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Түркістан және Алматы облыстарында жеткіліксізден оптималдыға дейін, Павлодар облысында жеткіліксіз және Шығыс Қазақстан облысында жеткіліксізден қанағаттанарлыққа дейін қалыптасты.